

<b>Өтініш беруші – жеке кәсіпкер (қарызалушы/бірлесіп қарызалушы, кепілгер, кепіл болушы) тапсыруға тиісті жалпы құжаттардың тізімдемесі.</b>		
<b>№ п/п</b>	<b>Құжаттың атауы</b>	<b>Түпнұсқа/көшірме</b>
1	Несиені пайдалану мақсаты көрсетілген және берілетін кепіл заты, қарызалушының банк алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамсыздандыру үшін берілуі мүмкін басқа қамсыздандыру сипатталған, Қарызалушы қол қойған және банктің кіріс құжаттамаларды тіркейтін бөлімшесінде тіркелген өтініш	түпнұсқа
2	Өтініш берушінің сауалнамасы	түпнұсқа
3	Қарызалушының (бірлесіп қарызалушының, кепілгердің, кепіл болушының) жеке тұлғасынсын куәландыратын құжаты	түпнұсқасымен салыстырып тексерілген, ол туралы белгісі бар
4	Жеке кәсіпкерлердің мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактін растайтын тіркеуші орган берген белгіленген нысандағы құжат (Патент, Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік)	түпнұсқа (банк қызметкері түпнұсқасымен салыстырған)
5	Қол қою үлгілері мен мөр бедері (болған жағдайда) көрсетілген карточка	түпнұсқа
6	Дербес деректер субъектісінің қарызалушының (бірлесіп қарызалушының, кепілгердің, кепіл болушының) атынан оның дербес деректеріне қатысты ақпаратты Банктің жинауына, өңдеуіне және таратуына рұқсаты	түпнұсқа
7	<a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> электрондық үкімет сайтынан алынған мекенжай деректері (тіркеу мекенжайы) туралы есеп (деректер сәйкес келген жағдайда), Мекенжай бюросының анықтамасы (деректер сәйкес келмеген жағдайда)	<a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> электрондық үкімет порталынан есеп / Түпнұсқа
<b>2. Қаржылық сараптама жасау үшін</b>		
1	Есептілік жүргізу әдісіне байланысты өткен қаржылық жыл ішіндегі және соңғы есептік күнгі жай-күйі бойынша қаржылық есептілік немесе–есептік жазбалар	түпнұсқа (банк қызметкері түпнұсқасымен салыстырған)
2	Салық органы куәландырған, жиынтық жылдық табысы туралы салық органының анықтамасы, өткен есептік жыл бойынша табысы туралы декларация (болған жағдайда) немесе тұрақты ақшалай табысының болуын растайтын басқа құжаттар (кемінде соңғы 12 ай бойынша)	түпнұсқа (банк қызметкері түпнұсқасымен салыстырған)
3	Лицензияланатын қызмет түрімен айналысуға берілген лицензия	түпнұсқа (банк қызметкері түпнұсқасымен салыстырған)
4	Сауда орнын жалға беру туралы анықтама, біржолғы талондар немесе тұрақты жасалған төлемдер туралы базар әкімшілігі берген түбіртек немесе анықтама және қарызалушының белсенді бизнесін растайтын басқа да құжаттар	түпнұсқа (банк қызметкері түпнұсқасымен салыстырған)
5	Жеткізушілермен және сатып алушылармен жасалған келісімшарттар/шарттар (болған жағдайда) және дебиторлық және кредиторлық берешекті ашып көрсету,	түпнұсқа (банк қызметкері түпнұсқасымен

	сондай-ақ себебін, олардың пайда болған күні мен өтеу күнін көрсету	салыстырған)
6	Соңғы күнгі есептік және валюталық есепшоттар бойынша үзінді көшірме және есепшоттағы қалдық пен есепшотқа қойылатын шағымдарды көрсету (басқа банкте есепшот болған кезде)	түпнұсқа
7	Несие берешегінің және №2 картотеканың болмауы туралы анықтама (басқа банкте есепшоты болған кезде)	түпнұсқа
8	Салық органы берген, бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша салыстыру акті	түпнұсқа
9	бизнес-жоспар немесе қарызды техникалық-экономикалық негіздеу (осы тармақ уәкілетті орган бекіткен активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резерв) құру тәртібіне сәйкес біртекті несиелер портфеліне енгізілген жеке кәсіпкерлерге берілген несиелерге қатысты қолданылмайды)	түпнұсқа
10	Жеке кәсіпкердің бизнесі мен қаржылық жай-күйін айқындайтын өзге құжаттар	түпнұсқа
11	Бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқтығы туралы салық органы берген анықтама (салыстырып тексеру актісінен кейін қарызалушы ұсынады)	түпнұсқа
12	Қарызалушының (бірлесіп қарызалушының, кепілгердің, кепіл болушының) ол туралы несие бюросына ақпарат беруге және несиелік есепті алуға келісімі	түпнұсқа
13	Қарызалушы (бірлесіп қарызалушының, кепілгердің, кепіл болушының) бойынша несиелік есеп (Несие бюросынан алынған)	түпнұсқа
14	Қарызалушының (бірлесіп қарызалушының, кепілгердің, кепіл болушының) дербес деректер субъектісінің оның суретін (фото) пайдалануға рұқсаты	түпнұсқа
15	Қарызалушының (бірлесіп қарызалушының, кепілгердің, кепіл болушының) Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығынан ол жөнінде ақпарат алуға келісімі	түпнұсқа
16	Жинақтаушы зейнетақы қорының қарызалушының (бірлесіп қарызалушының, кепілгердің, кепіл болушының) жеке зейнетақы шотынан кемінде соңғы алты айға үзінді көшірмесі немесе Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық базасынан алынған есеп (міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылғанын растайтын құжаттар болған кезде Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған жеке тұлға кепілгер немесе кепіл беруші болып табылатын жағдайда аталған құжаттың болуы талап етілмейді)	түпнұсқа

***Ескерту:***

*Бұл тізімдеме түпкілікті болып табылмайды. Өтінімді қарастыру барысында қосымша құжаттар талап етілуі мүмкін.*